тіліндегі лексикалық элементтерінің қазақ тіліне ауысуына сол кездегі екі дердің арасындағы сауда-саттық, экономикалық қатынастың болуы ықпал налады. Өйткені, Орта Азияны Ресей, Сібір, Қытай және Монголиямен байланыстыратын үлкен жол қазақ даласы арқылы өтті. Сөйтіп, Иранмен сауда жасаған. Мұнда Ұлы Жібек жолы үлкен рөл атқарды [22, 148].

Сонымен қатар парсы лексикалық сөздерінің қазақ тіліне енуіне өзбек тілінің әсері де өте көп болды. Өзбек тілінде парсы лексикалық сөздері өте көп және өзбек тіліне енген парсы сөздері сол қалпында, яғни фонетикалық тұлғасын өзгертпей қолданылады. Ұлы ақын-жазушылар парсы сөздерін өз шығармаларында барынша көп пайдаланды.

Қорыта келе парсы тіліндегі кірме сөздердің 40-50 пайызы араб тілінен, он пайызы еуропа тілдерінен енгендер қатарында. Бұл сөздердің әр қайсының өзіндік ерекшеліктері бар: Ислам дінінің Иранда таралуы, Ислам дінінің қабылдануы, монғолдардың шабылуы және олардың ұзақ жылдар бойы Иранда орнығуы, түрік патшалығының басқаруы, орыстардың шабылуы, сауда-саттық қарым-қатынастар, тіл қажеттіліктері, шетел тілінен аударылған кітаптар, ирандықтардың шетелдерде білім алуы және олардың Иранға қайта оралуы, туристердің Иранға келуі, жаңа технологияның енуі, ғылымилықты көрсету, сол тілде баламалардың болмауы және т.б. айтуға болады.

***

1. Куранбеков А. Проблемы формирования научно-технической терминологии в современном персидском языке // Вопросы филологии. –М., 2003.-№ 2(14) –с.16-18.
2. اصول و راوبط واژه گزینی همراه و شرح و توضیحات. - تهران. 1997 /1376
3. Акбарипур А. Терминологическое строительство в Иране// канд. дис. - Москва, 2006 .
4. Ақшалова Б.Н. Экономикалық лексиканы аударудың кейбір мәселелері// Ғылым мен білім саласындағы мәдениеттер тоғысы атты халық. ғылыми конференция жинағы.- Алматы, 2011.
5. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері . – Алматы: Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы, 1982. – 180 б.
6. Реформатский А. А. Что такое термин и терминология. (Вопросы терминологии) М., Изд. МГУ. 1973, с.10.

***

В статье рассматриваются вопросы формирования экономических терминов персидского языка на примере заимствованных слов. Исходя из того, что словообразовательные особенности являются одним из основных факторов, обеспечивающих системность терминологии.

***

The article deals with the formation of economic terms by the example of Persian loan words. Based on the fact that the derivational features are a key factor in ensuring a system of terminology, terminological analysis is carried derivation sample, representing the area of the economy.

Ш.С. Қалиева, Қ.Б. Жетпісбаева

ДІНИ ОНИМДЕРДІҢ ПАРСЫ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Белгілі бір діннің ұстанымдары, негіздері баяндалған қасиетті кітаптардың алғашқы тілі «*пайғамбарлық*» немесе «*апостол*» тілі деп аталынып, тіл тарихындағы тылсым тілдердің қатарын толықтырып отырды. Осындай қасиетті саналатын тілдердің саны көп емес. Мысалы, үнді халықтары үшін ведий тілі (кейінірек санскрит), қытайлар, жапондықтар мен корейлер үшін вэньянь (Конфуций шығармаларының тілі) тілі, зороастризм дінін ұстанушылар үшін авеста тілі, ал мұсылмандар (арабтар, түріктер, иран және т.б. халықтар) үшін араб тілі әрқашан «киелі» тіл болып саналады [1, 56].

Діни құндылықтар адамзат тарихының, қоғам өмірінің айтарлықтай бөлігін құрайды. Адам қызметінің күрделі, әрі жасырын әлемі болып табылатын ойлар, армандар, іс-әрекеттер мен сезімдер, адамдар және әлеуметтік институттар арасындағы қарым-қатынастар жиынтығы әрқашан дінмен тікелей немесе жанама түрде байланыста болады.

Діни дүниетаным, ғибадат түрлері, діни мораль қарапайым халықтың күнделікті қарым-қатынасына әсер етіп, өшпестей із қалдыруымен қатар, өздері де жергілікті ділдің өзіндік ерекшелігінің бір бөлігіне айналып кетеді. Сондықтан да халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен етене араласқан әлем діндері әр елде өзіндік ұлттық бейнесімен ерекшеленіп отырады.

Жалпы алғанда, дін факторының қоғам өмірінің барлық басқа да қырларына тигізер ықпалы аса терең, әрқилы, әрі үйлесімді деп сипаттауға болады. Кез келген дін және оны ұстанушыларды біріктіретін әлеуметтік институттар – әлеуметтік болмыстың маңызды салалары саналады. Көптеген ғасырлар бойы діни көзқарастар мен дін институттарының үстемдік етуі қоғам санасына, халық мәдениетіне әсер етіп отырды. Сондықтан дін факторы өзіндік халық ділінің қалыптасуына тікелей ықпал еткенін айта аламыз.

Тіл және дін халық ділін анықтайтын факторлардың біріне жата отырып, басқа халықтарға ұқсамайтын, әрі жалпыға ортақ қасиеттерді біріктіретін халық ділінің қалыптасуына ықпал етеді.

Қасиетті кітаптардың аудармалары, «тылсым» тілдің құлшылық, уағыз-насихат барысында қолданылуы қандай да бір халықтың сөздік қорын байытып отырды. Қасиетті кітаптар сөйлеу тілінде аллегория, абстракті-философиялық, экспрессивті-метафоралық жаңа түрлердің қарқынды дамуына үлесін қосты.